

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУҒА АРНАЛҒАН
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕН



SARYARQA
ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕНУГЕ АРНАЛҒАН ВЕБ-САЙТ

А1
қарапайым деңгей

ҚАЗАҚ, ТІЛІ



ВЕБ-САЙТ



YOUTUBE



ОҚУ-ҚҰРАЛЫНЫҢ
АУДИО ҚОСЫМШАСЫ

Мемлекеттік қызметшілер мен
ересектерге арналған оқу құралы

Игенова А.А. ♦ Ағымбаева М.Ш.

LIVEWORKSHEETS

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Қазақ тілін оқытуға арналған
«Сарыарқа-3» оқу-әдістемелік кешені

A1
қарапайым деңгей

ӨОЖ 811.512.122 (075.8)
КБЖ 81.2 Каз-923
Қ22

Қазақ тілін оқытуға арналған «Сарыарқа-3» оқу-әдістемелік кешені
Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі
басқармасының тапсырысы бойынша әзірленді.

Кеңесші, пікір жазғандар:

З.С. Күзекова, филология ғылымдарының докторы, профессор;
Б.М. Айтбаева, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған
профессор.

Авторлары: Игенова Алмагүл Ақмашқызы,

Ағымбаева Мунира Шайхсламқызы

Көркемдеуші дизайнер: А.Х.Есмагамбетов

Қазақ тілін оқытуға арналған «Сарыарқа-3» оқу-әдістемелік кешені.

Қарапайым деңгей (А1)

2023. – 177 б

Қазақ тілін оқытуға арналған «Сарыарқа-3» оқу-әдістемелік кешенінің қарапайым деңгейге арналған оқу құралы тілді меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктерінің ұлттық стандартының талаптарына сәйкес әзірленіп, ересектерге тілді деңгейлеп оқытуды негізге алған.

Оқу құралында тыңдалым, оқылым, жазылым, сөйлесім бойынша, сондай-ақ лексика-грамматикалық құрылым түрлеріне қатысты материалдар топтастырылған және тестілеуден өту дағдысын қалыптастыру мақсатында аралық тест тапсырмалары ұсынылды.

Оқу құралының аудиомәтіндері мен бейнематериалдары веб-сайтта орналастырылған. Сілтемеге QR-код арқылы өте алады. Тіл үйренушіге де, оқытушыға да дәрісті тиімді ұйымдастыруға ыңғайлы.

Куәлік №42847
ISBN 978-601-09-3005-6

© «Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы» ММ, 2023

© «Қарағанды облысының тілдерді оқыту орталығы» ЖК, 2023



1. Тыңдаңыз, жазыңыз.



Туынды сын есім

Зат есім+ (-лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ті)
ақыл+ды білім+ді
өнер+лі салмақ+ты



2. Оқыңыз.



Менің досымның аты – Ербол. Досымның отбасы үлкен. Отбасында атасы, әжесі, әкесі, анасы, ағасы, әпкесі, інісі, қарындасы бар. Атасы мен әжесі зейнеткерлер. Ерболдың атасы салмақты. Әжесі мейірімді. Ата-анасы Қарқаралыда тұрады. Әкесі – тәжірибелі мал дәрігері. Отбасының көп жылқысы, сиыры, қойы бар. Атасы мен әкесі, інісі малға қарайды, шөп шабады. Әжесі мен анасы бие, сиыр сауады. Отбасының қымызханасы бар. Анасы ұлттық тағамдар: қымыз, айран, құрт, май, ірімшік, талқан әзірлейді, бауырсақ пісіреді, қаймақ қайнатады, ет асады. Досымның отбасы қонақжай.



3. Тыңдаңыз, сұрақтарға толық жауап жазыңыз.

- Ерболдың ағасы қайда тұрады?
-
- Аяның неше баласы бар?
-
- Ерболдың ағасының мамандығы кім және ол қандай маман?
-
- Аян қайда жұмыс істейді?
-



Айжан

- Жеңгесінің аты кім?
-
- Айжанның мамандығы кім?
-
- Айжан қайда жұмыс істейді?
-
- Жеңгесі қандай адам?
-



4. Сөйлемдерге сұрақ қойыңыз.

1. Ерболдың әпкесі Айнұр тұрмыста, бір баласы бар.
2. Әпкесі Астанада тұрады.
3. Айнұр – дәстүрлі әнші, халықаралық байқаулардың жүлдегері.
4. Әпкесі әдемі, өнерлі.
5. Жездесі Өли – әскери қызметкер, жауапкершілігі жоғары.



5. Тыңдаңыз, бос орынды толтырыңыз.


Досым Ербол _____, _____. Ол 24 жаста. _____ филолог. Қазір Лондонда магистратурада оқиды. Ол ағылшын, түрік тілінде _____, спортпен айналысады, кітап көп оқиды. Ерболдың отбасы _____, _____. Досым үй жануарларын _____. Оның жүйрік жылқысы бар. Досым отбасы мен жылқысын _____.



6. Тыңдаңыз, ақпаратты III жақтан жазыңыз.



7. Мәтін бойынша сұрақ жазыңыз.



81



8. Жоғарыдағы ақпараттардың көмегімен кестені толтырыңыз.

	Қайда жұмыс істейді?	Жасы	Қайда тұрады?	Не істейді?	Мінезі қандай?
Атасы					
Әжесі					
Әкесі					
Анасы					
Ағасы					
Әпкесі					
Інісі					
Қарындасы					
Ербол					